

08.09.2021 ж. № А00074

**Жаңартылған білім берудегі критериалды
бағалау жүйесінің артықшылығы**

КОСПАЕВА АЛИЯ ЖАНДОСОВНА

*Ақмола облысы Атбасар ауданы
Бастау № 2 жалпы орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі*

Елбасымыз Н.Ә Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасында «табысты болудың ең іргелі басты факторы білім екенін әрқайсысымыз терең түсінуіміз керек... Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», - деген. Ел ертеңі – жас ұрпақтың қолында. Ендеше, бүгінгі ұстаздар қауымына қойылатын талап та жоғары болмақ. Олар жан-жақты, әлемдегі жаңалықтардан мағлұматы бар, үнемі шығармашылық ізденістегі, кәсіби біліктілігін шыңдайтын жеке көзқарасы бар, соны қорғай білетін жігерлі тұлға, зерттеушілік қабілеті бар, білімді де білікті, көп оқитын, көп тоқитын, білімін өз тәжірибесінде шебер қолдана білетін, өзінің оқушысын өз бетінше білім алуға баулитын кәсіби маман иесі болуы керек. Бұл өмір талабы.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасына үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып, оны сын тұрғысынан ойлап, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, тәжірибе жасап, АКТ-ны қолданып, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білетіндей, функционалды сауатты, шығармашылықпен жұмыс жасай алатындай дәрежеге жеткізу.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау.

Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналасуға ынтасын оятады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үрдісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл немесе баға қоймастан оқу үрдісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді.

Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір) оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерім туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады. Критериалды бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады.

Осы мәселе аясында «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені оқыту керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар оқу бағдарламасымен және оқу бағдарламасын жүзеге асыруда пайдаланылатын педагогикалық әдістемелермен тығыз байланысты. Қарқынды жаһандану, сондай-ақ, ұлттық экономикаға да ықпал етуде және қазіргі уақытта экономикалық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық бәсекелестік артты.

Білім беру жүйесін жаңартуға арналған бұл экономикалық дәлелдерге қоса, қазіргі жиырма бірінші ғасырда басқа да негіздер бар: байланысқа бейімділікті арттыру, әлеуметтік өзгерістер, ауа райының өзгеруімен байланысты мәселелер, бүкіл әлемдегі халықтың қарқынды өсуі, заманауи әлеммен өзара табысты байланысу үшін қажетті және келешек күннің әлемімен өзара байланысу үшін қажетті дағдыларды қазіргі таңдағы мектеп жасөспірімдері талап ететін шектеулі ресурстарға деген сұраныстың өсуі. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды.

Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп бітіруші түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс.

Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс» деп атап көрсеткеніндей, қазіргі таңда елімізде жаппай білім беру мазмұны жаңартылуда.

Жаңартылған бағдарлама бойынша әлемдік білім беру жүйесі бәсекеге қабілеттілікке қарай білім алушыны баулу, қоғамнан өз орнын таба білетіндей сапалы маман болуына бағытталынған.

Критериалды бағалау технологиясын енгізудің мақсаты:

- Мектепте оқыту сапасын жоғарылату
- Мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру.

Критериалды бағалаудың басты артықшылығы:

1. алдын-ала ұсынылған бағалау шкаласы;
2. анық, айқындылығы;
3. бағаның әділдігі;
4. өзін бағалауға мүмкіндіктің берілуі

Критериалды бағалау технологиясы арқылы бағаның қойылуы:

- Критерий бойынша оқушының оқу жетістіктерінің деңгейі белгіленеді
- Нақты балдар немесе бағалар қойылады

Анықтамасы :

Критериалды бағалау технологиясы-бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу- танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі .

Бағалауды қолданудың екі тәсілі:

- Қалыптастырушы бағалау- (*formative*) баға жақсарту мақсатында жасалатын қадамдарды анықтау үшін ағымдағы жағдай туралы мәліметтер алуға қолданылады.
- Жиынтық бағалау- (*summative*) өмілген кезең бойынша зерделенген материал мөлшерін анықтауға қолданылады.

Қалыптастырушы бағалау

Қалыптастырушы бағалау –сабақта күнделікті жүзеге асатын, білім мен дағдыны меңгеру деңгейін анықтайтын бағалау. Қалыптастырушы бағалау білім беру процесінде оқушы мен мұғалімнің арасындағы өзара тығыз байланысты жүзеге асырады. Сонымен қатар, оқушыларға жаңа материалды меңгеруде тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындағандығын білуге және оқытудағы мақсаттар мен міндеттерді орындауға мүмкіндік туғызады (ауызша сұрақ, жазба, практикалық жұмыстар т.б.)

Қолданылуы:

- Негізгі бағалауда барлық критерийлер барынша қолданылуы керек.
- Критерий оқушының жас ерекшелігіне, бағдарламаға сай алынады.
- Әрбір жетістік балмен және дескриптор арқылы белгіленеді.
- Тоқсан соңында әр критерий бойынша негізгі бақылаудан алынған орташа балл есептелінеді.

Негізгі ұстанымдар

2. Бағамен оқушының жұмысы бағаланады.
3. Дескрипторлар оқушыға алдын-ала белгілі. болуы шарт.
4. Оқушы өз білім деңгейін анықтай алуы қажет.
5. Нақты білімділік мақсатты бағалауы қажет.

Жиынтық бағалау (суммативное оценивание):

- Жиынтық бағалау белгілі бір тақырыпты қорытындылау мақсатында орындалады.
- Мазмұны оқылған материалды қамтуы керек.
- Жиынтық бағалаудағы оқушының алған бағасы тоқсандық баға болып табылады.

Критериалды оқытудың маңыздылығы:

1. Мұғалім үшін:

Әрбір оқушының өзгешелігін ескере отыра жеке білім алу траекториясын құру.

1. Оқушы үшін:

Берілген бағалау критерийлерін түсіну, қолдану, жұмысын бағалай білуі.

1. Ата-ана үшін:

Баланың білім алуындағы өсу деңгейін қадағалауы.

Критериалды бағалау технологиясының артықшылығы:

- Нақтылық
- Әділдік
- Ғынталандыру
- Белсенділік
- Жеке тұлға

Критериалды бағалау технологиясының оқытуды жақсартудағы 5 қағидасы

- Оқушылармен кері байланысты тиімді қамтамасыз ету.
- Оқушылардың өзіндік оқуға белсенді қатысуы.
- Бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқытуды өзгерту.
- Оқушылардың өзін-өзі бағалауы.
- Өздерінің оқуын қалай жақсартуға болатындығын түсіну қажеттігі.

Бағалаудың мақсаты

1. Оқытудың қиындықтарын анықтау;
2. Жетістіктер туралы кері байланыс (оқушылар, мұғалімдер және ата-аналар үшін);
3. Болжау және сұрыптау;
4. Стандарттарды бақылау және орындау;
5. Оқыту бағдарламасының мазмұнын және білім беру стилін бақылау.

Қалыптастырушы бағалау

Мұғалім үшін-

1. оқытудың келесі деңгейін жоспарлау үшін тексеру жұмыстарының нәтижесін қолданады;
2. оқушыға білімін арттыру үшін пайдалы кеңестер береді;
3. жұмыс нәтижесі бойынша әр оқушыға жеке-жеке мақсаттар қояды.

Оқушы үшін-

- a. өз қатесі негізінде үйренуге көмектеседі;
- b. маңыздыны түсінуге көмектеседі;
- c. қолынан не келетінін түсінеді;
- d. білмейтін тұстарын анықтайды;
- e. нені істей алмайтынын түсінеді.

11.09.2021 ж. № B00016

**Бастауыш сыныпта сын тұрғысынан
ойлау технологиясын тиімді қолдану**

ЗАКАРИЯ ГУЛХАН БАТЫРЖАНОВНА

*Қостанай облысы, Рудный қаласы
«№13 Жалпы білім берейін мектеп» КММ
Бастауыш пәнінің мұғалімі*

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауында: «Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды істер күтіп тұр.» деген болатын. Елдің елдігін сақтап, көркейтетін, өркендететін және болашақты айқындап беретін – білім мен тәрбие беру ісі.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде көптеген жаңалықтар мен өзгерістер өмірге келуде. Заманауи қоғамның өркендеп өсуі білім жүйесінің сапасын жақсартуды, жаңа технологияларды тиімді қолдануды, жаңа формациядағы ұстаздар арқылы еліміздің білім жүйесін халықаралық стандарт деңгейіне жеткізуді мақсат етіп отыр.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында да білім беру жүйесінің сапасын арттыру үшін ең алдымен мұғалімнің кәсіби біліктілігін арттыру мәселесіне үлкен мән берген. Бұл бағдарламаның міндеті – қазақстандық мұғалімдерге педагогикалық тәжірибелерін жетілдіру мен бағалауға көмектесу. Бағдарлама барысында педагогиканың әртүрлі аспектілері талқыланады.

Әлемдік тәжірибеге негізделіп жасалған бұл жоба оқушылардың өз дәлелін еркін жеткізе алатындай, сенімді, сыни пікір – көзқарастары жүйелі дамыған оқушы қалыптастыруды мақсат етеді. Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға, синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Сыни тұрғыдан ойлау дағдылары: Бақылау. Талдау. Қорытындылау.

Өз тәжірибемде «Оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының әдіс – тәсілдерін ана тілі, қазақ тілі, дүниетану сабақтарында қолданамын. Тәжірибемде қолданған кейбір тәсілдерге тоқтала кетейін.

Қызығушылықты ояту кезеңінде бұрынғы білетіні мен жаңа білімді ұштастыруда «Топтау», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау» әдістерін қолданамын.

Мағынаны ашу – кезеңінде оқушылар жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Сондықтан оқушының өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасаймын.

Бұл кезеңде көбіне INSERT әдісін қолданған қолайлы.

Ой толғау-кезеңінде оқушы не үйренгені саралап, оны қандай жағдайда қолдану керектігін ой елегінен өткізеді. Белсенді түрде өздігінен үйрену жолына қайта қарап, өзгерістер енгізеді. Сабақтың бұл кезеңінде «Еркін жазу әдісі», «Бес жолды өлең», «Венн көрсетуі» т.б осы сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне қарай лайықты қолданылады.

Белгілі бір мәтінді толық меңгерту, кейіпкерлер бейнесіне талдау жасап, өз ойын жүйелі жеткізе алуға үйрету, өзіндік ой қорыта білу, шығармашылықпен жұмыс істеу қабілетін жетілдіру, ой - өрісі мен дүниетанымын кеңейту, сөздік қорларын молайту, кейіпкерлер бойындағы жақсы қасиеттерді үлгі ету мақсат етіп алынды.

Оқушылар үй тапсырмасын «Шеңбер» әдісімен орындады.

"Шеңбер" әдісі бойынша, оқушылар сыртқы шеңбер, ішкі шеңбер болып орналасады. Ішкі шеңбер болып орналасқан оқушылар, сыртқы шеңберге орналасқан оқушыларға сұрақ қоя отырып, диалог жүргізеді немесе сыртқы шеңберде орналасқан оқушылар сұрақ береді. Шеңбер жасап тұрған оқушылар сағат тілі бойынша жүре отырып, барлық оқушымен кездесіп өзара диалогтік қарым-қатынас орнатады. Бұл тәсіл оқушыларды өзара білім алмасуына тиімді және үй тапсырмасын сұрауға, қайталауға арналған тақырыптарды сұрауға таптырмайтын тәсіл деп ойлаймын.

«INSERT» әдісімен мәтінді үш бөлікке бөліп, үш топқа бөліп берілді. Оқушылар өздері жаңа сабақты оқып, өздері талдап, түсіндіріп, қорғайды.

"Жауапқа сұрақ"әдісіне келетін болсам, "Сұраққа жауап" әдісінен «Жауапқа сұрақ» әдісі әлдеқайда тиімді. Өйткені сұраққа жауап бергеннен гөрі , жауапқа сұрақ тудыру күрделі ойлауды қажет етеді.

Сабаққа негіз болатын сөзді жауап ретінде тақтаға жазып қоямын. Оқушылар берілген жауапқа бірнеше сұрақтар тудыру арқылы білімдерін дамытады.

11.09.2021 ж. № B00017

Естімейтін балалардың сөйлеу тілін дамыту

ХАМИДУЛЛИНА ШАМСИЯ АНДИЖАНОВНА

*Маңғыстау облысының білім басқармасының
«Есту қабілеті бұзылған,психикалық дамуы тежелген
және сөйлеу тілінде ауыр бұзылыстары бар балаларға
арналған № 4 арнайы балабақшасы» Сурдопедагог*

Барлық балалар секілді естімейтін балалар да ең алдымен қарым-қатынасқа зәру. Алайда бастысы, іс-қимыл емес, бұл қарым-қатынаста сөздік қолданыс көп болуы шарт. Балаға ерте жастан бастап айналасындағы әрбір нәрсенің не үшін қажет екенін ,не үшін,кім үшін керек екенін айтып түсіндіру отыру қажет. Олардың даму тұрғысында кемшіліктер болады,бірақ соны болдырмауға ,қатарынан қалдырмауға ата-ана әрқашанда белсенді болу керек.

Бұл тұрғыда, баланың сөздік қорының жетіліп, қалыптасуында ата-ананың және сурдопедагогтың алар орны зор.Бала ата-анасының өзара сөйлесіп қарым-қатынас жасағанын байқап, тілдік қатынас жасауға тырысады.

Құлағы естімейтін баланың қажеттілігін жүзеге асыратын сөздік мәліметтер (материалдар) формасы жағынан да, мағынасы жағынан да әртүрлі болып табылады. Бала мұны бірден қабылдай алмайды. Алайда баланың қажет ететін сөздері мен сөз тіркестері оның іс-әрекетінен көрініс табатындықтан, ата-анасы оның жұмысын, іс- қимылын бақылап, реттеп оған көмек көрсете алады.Яғни , мысалға алатын болсақ:балаға заттың атын қағазға жазып және сол сөзді дактильмен, іс-қимылмен (жест) көрсете білу қажет.

Баланы үйде мақсатты түрде қалай даярлау қажет, неге көңілін көбірек бөлгені дұрыс, немен танысуы шарт- мұның барлығын ата-анаға сурдопедагог , бағыттады. Алайда баланы бірден көп мәлімет беріп, шаршатуға болмайды. Ол қабылдауы тиіс материалдар, сөздер жүйелі түрде болуы шарт. Түсінбей, сөздерді құр жаттап алудың пайдасы аз екенін ескерген жөн.

Сөздік материалды оқып, үйрену оңай емес.Сондықтан, көптеген сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсініп, жаттауда мынадай кейбір әрекеттер көмектеседі. Бір сөздің, болмаса, сөз тіркесінің әртүрлі мағынада, әр түрлі жерде қолданылуының орнын білу үшін оған қажетті жағдайларды туғызу керек. Баламен сөйлесу барысында баланың әрдайым үлкендермен сөйлесуге, олардан қажеттісін сұрай білуге қабілетті болуын қаматамасыз ету керек, бір сөзбен айтқанда, баланың ата-анасы мен сөйлесуге, құлшынысы жойылмауы тиіс.

Әрине, құлағы естімейтін баланың сөздері айтылу жағынан да, грамматикалық тұрғыдан да қате болары анық, алайда оны бұл үшін кіналауға болмайды. Алдымен қатесін түзетіп, айтқан сөзін, сұрағын қайталауды өтінген абзал. Сонда бала сөздерді жақсы жаттайды, бастысы-оның қарым-қатынас жасауға деген қызығушылығы жоғалмайды.

Кей кездері ата-ана баланың тілегін түсініп, алдын-ала орындауға тырысады. Мысалы: бала кәмпитке қолын созса, түсінін алып береді.

Егер мұндай жағдайлар жиі қайталана берсе, баланың бойында тілді, сөзді пайдалануға деген қажеттілік жойылып кетеді. Сондықтан әркез байланыс кезінде баланың сөзбен жауап қайтаратындай жағдайда болуын қамтамасыз ету керек. Бұл баланың сөйлеу қабілетін дамытып, диалог құра білуге үйретеді. Алайда әруақыт баладан толық жауапты талап етуге болмайды, жауап қысқа, болмаса толық емес сөйлем түрінде болса да жеткілікті.

Мысалы: « Сен әкеңмен қайда бардың ?» - « Киноға » . « Не көрдіңдер ?» – « Мультфильмдер ».

Бала мен ата-ананың сөздік қарым-қатынас есту және көру негізінде болуы тиіс, яғни бала ауызша айтылған сөздерді сөйлеушінің ауыз және ерін қимылынан түсініп, есте сақтайды және сол уақытта өзінің жеке есту аппаратын қолданады. Алайда мұндай жолмен кез-келген құлағы естімейтін бала материалды естіген сөздерін ұғына бермейді. Мұндайда көмекші құрал ретінде қолмен басқарылатын әліппе пайдаланылады. (дактилология).

Мұндай әліппедегі таңбалар кәдімгі әліппедегі әріптермен сәйкес келеді, саны жағынан да бірдей. Бірақ дактилологияны іс-қимылдың байланыспен шатастыруға болмайды. Өйткені соңғысында әрбір қимыл бір мағына береді. Мұндай байланысты сөйлеу қабілеті жоқ адамда меңгеруі мүмкін.

Алайда тек іс-қимылды қолдану тілді үйренуге мүмкіндік бермейді.

Әр заттың, нәрсенің атын кеспе сөзбен (табличкаға) жазып, баланың есінде сақтауға көмегін тигізуге тырысу қажет .

Ата-аналар сурдопедагог және тәрбиешінің кеңесімен баланың дүниетанымен кеңейтуге, тілдік қарым-қатынасқа деген ынтасын, кітапқа деген қызығушылығын арттыруға көмектесе алады.

Баланың балабқшаға келгенде алғашқы күнінен бастап, ата-ана ұстаздарымен тығыз қарым-қатынаста болуы шарт. Баланың мінезінің ерекшеліктерін, қызығушылықтарын тәрбиешіге ескертіп айтуы тиіс.

Сондай-ақ тәрбиешінің рұхсатымен сабаққа қатысып, естуі нашар балаларды оқытудың әдіс-тәсілдерімен танысуына болады. Сурдопедагог пен тәрбиеші ата-аналарға балаларды оқытудың методикасын үйретіп, нашар еститін балаларға айналадағы заттар мен құбылыстардың атауын үйретудің, олармен әркез әңгімелесудің маңыздылығын айтады.

Жаңа сөздер мен қимылдардың атауын, заттардың атауын үйренгенде бала заттарды қолмен ұстап, іс-әрекетін сөзді қолдану арқылы түсіндіріп отырғаны жөн. Заттармен жұмыс жасау (сурет салу, ермексаздан мүсіндер жасау, құрастырмалы ойыншықтар) баланың дамуының практикалық бөлімі болып табылады. Бала үлкендермен сөйлесу арқылы, әр іс-әрекетін басқарып қабілетін дамытуға мүмкіндік алады.

Баламен үздіксіз қарым-қатынасты серуендеу кезінде де тоқтатпаған абзал. Бұл жерде сөйлесудің тақырыбы күн райы, оның өзгерушілігі айналадағы адамдар, қоршаған орта бола алады. Осындай жай серуеннің өзі, егер ересек адам айналадағының барлығын, мысалы көше, көшеде орналасқан үйлер, ғимараттар жайлы айтып отыратын болса, бала үшін аса пайдалы.

Осы тұрғыда, ата-ананың баламен үздіксіз қарым-қатынас, ұстаздар тарапынан болатын бақылаулар нашар еститін баланың тілдік қарым-қатынасының қалыптасуын тездетіп, танымдық қабілеттерін арттырып, оқу еңбегіне деген қызығушылығын арттырады.

Естуі төмен баланың қоршаған қоғамнан бөлініп қалмай, тұлға болып қалыптасуында отбасының орны ерекше. Ата-ана баланы тұрмыстық және қоғамдық тиімді еңбекке баулу арқылы оның өзін-өзі басқаруына, оқуға, еңбекке деген оң көзқарасын қалыптастыруына септігін тигізеді.

Барлық балалар секілді нашар еститін балалар да қозғалыс ойындарын, болмаса отырып ойнайтын ойындарды, құрастырмалы ойындарды ұнатады. Бұл ойындардың қай-қайсынан да күнделікті өмір, қоршаған орта көрініс табатын болғандықтан, балалар үшін өте пайдалы, түрлі заттар мен құбылыстарды танып білуге көмектеседі.

Балалар ұзақ уақыт бойы үлкендердің қарауынсыз өздері жұмыстана алады, алайда баланың дамуы үшін ата-анасының арасында болса да ойынға араласқаны аса маңызды. Баламен ойнау барысында ересек адам ойын түрін анықтап, баланың дамуын дұрыс жолға бағыттайды.

Біріккен ойындар барысында балаға басты рөлді берген абзал, сонда оның қызығушылығы артып, белсенділігі оянады, ересек адамның беделі баланың тырысушылығын басып тастамауы шарт.

Тілдік қарым-қатынассыз біріккен ойындарды жүзеге асыру қиындық туғызатындықтан, ересек адам баламен үнемі сөйлесіп отыруы тиіс: ойын барысында балаға сұрақтар қойып, тапсырмалар беріп, ойында қолданылатын заттардың, іс-әрекеттердің атауын атап отыруы қажет.

Үлкендердің сөзінен бала өзіне қажеттісін жаттап, пайдаланатын болады. Ең жақсы нәтижелерге педагогтар мен ата-ана арасында тығыз қарым-қатынас болғанда ғана жетуге болады

11.09.2021 ж. № B00018

Менің мамандығым-дефектолог

ЖУМАГАЛИЕВА ГУЛСИМ ЖАКСЫЛЫКОВНА

*Маңғыстау облысының білім басқармасының
«Есту қабілеті бұзылған, психикалық дамуы тежелген
және сөйлеу тілінде ауыр бұзылыстары бар балаларға арналған
№ 4 арнайы балабақшасы» Дефектолог*

Мен балабақшада дефектолог болып жұмыс жасаймын, «сөз үйретемін», сөйлеу қабілеті бұзылған балалармен жұмыс жасаймын.

Менің міндетім - біртіндеп, дыбыстарды қоюдан тәуелсіз, егжей-тегжейлі мәлімдемеге дейінгі қиын жолдан өту, мектеп жасына дейінгі балаларды мектептегі білім беру бағдарламаларын меңгеруге дайындау.

Қандай қуаныш болуы мүмкін, біз «моторды іске қосуға», дыбыстарды дұрыс айтуға, оларды сөзбен шатастырмауға, сөйлемдерді дұрыс құруға үйренсек, баланың көзі бақыттан қалай жарқырайды!

Бала өз ойын айта алатын, ойлаған және армандаған нәрсесін айта алатын кезде «қанат өсіреді».

Мен «ерекше» балалармен жұмыс істеймін. Мұндай балаларда сыртқы әлемге бейімделудің өтемдік мүмкіндіктері азырақ, ал менің міндетім - баланы босату, өзін өзін сол күйінде қабылдауға көмектесу, өзін командада, ұжымда, қоғамда ерекше сезіну.

Балабақшада жұмыс істей отырып, мен мамандық таңдауыма ешқашан күмәнданған емеспін, бірақ мен жыл сайын балаларды оқыту мен тәрбиелеудің қаншалықты қиын екеніне көбірек сенімдімін. Олар саған сенеді, сенен үміт етеді, сенен түсіністік күтеді. Сіз мұның бәріне сәйкес болуыңыз керек, әрқашан биікте болыңыз.

Балалардың мектеп өміріне қалай шығатындығы сіздерге байланысты. Мен өзімнің білімімді, энергиямды, сүйіспеншілігімді балаларға беретін бақытты адам деп айта аламын. Балалар - жер бетіндегі ең үлкен құндылық, біз олардың есімдерімен өмір сүретіндер.

Мұғалім педагогика ғылымы мен озық тәжірибе жетістіктерін қолдана отырып, өзінің шеберлігін үнемі жетілдіріп отыруы керек. Біз алға жылжып, инновациялық технологияларды, дәстүрлі емес әдістерді игеруіміз керек.

Мен балалармен жұмыс жасай отырып, Мишель Монтеньенің: «Өздігінен білім алудан гөрі, басқаны оқыту үшін көп ақыл қажет» деген сөзінің мағынасын түсіндім. Мен бұл пікірмен келісемін, сондықтан өзімді жетілдіруге тырысамын: түзету педагогикасындағы жаңа жаңалықтармен танысамын;

Мен жаңа инновациялық технологияларды қолданамын (АКТ, интернет-ресурстар); түзету-логопедиялық жұмыс құралдарын кеңейту және жаңарту. Профессор В.М.Лизинский дұрыс айтады: «Мұғалім дегеніміз - ол өмір бойы оқитын адам, тек осы жағдайда ол сабақ беру құқығын алады».

Менде ең бастысы - шыдамдылық, оптимизм және балаларға деген сүйіспеншілік. Қажетті нәтиже көп ұзамай болмайды, бірақ біртіндеп, күннен күнге кішігірім қадамдармен біз оған ыждаһаттылықпен барамыз.

Балалардың ауыр, қажырлы еңбегімен қол жеткізген жетістіктерін көру, ата-аналарының алғыс сөздерін есту қандай жағымды. Мен логопедпін. Мен бұл сөздерді мақтаныш сезімімен айтамын, адамдарға бақытты болуға көмектесемін!

09.09.2021 ж. ж № B00010

Оқыту мен тәрбиелеуде ерекше қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік қорғау

ДЖАЛИМБЕТОВА АЙГЕРІМ АЗБЕРГЕНОВА

*Түркістан облысы, Түлкібас ауданының психологиялық-педогогикалық
түзету кабинетінің тәрбиеші маманы*

Оқыту мен тәрбиелеуде ерекше қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік қорғау

Бүгінгі таңда инклюзивті білім беруді қолдау бағытында жалпы білім беретін мектептерде белгілі себептермен ақыл — ой дамуында ауытқуы бар немесе психикалық дамуы тежелген оқушылар білім алуда.

Әр оқушының білім алуда өз ерекшеліктері бар. Мәселен әр оқушының эмоционалдық және психикалық таным процестерінің дамуы деңгейі әртүрлі. Десекте қазіргі таңда әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, саналы тәрбие сапалы білім беру өмір талабы болып табылады. Осы ретте мектебімізде әрбір мүмкіндігі шектеулі оқушының даму деңгейі мен жас ерекшелігі ескеріліп білім берілуде.

Бүгінде еліміздің барлық аймағында мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді қолдау негізінде жалпы білім беретін мектептерде түзете-дамыта оқыту сыныптары біртіндеп ашылып жатыр.

Бұл сыныптың мақсаты: әр сыныптағы мүмкіндігі шектеулі оқушыларды бір сыныпқа топтастырып, әр оқушыға жекелеп сыныбы мен оқу бағдарламасына сай білім беру. Бұл сынып ашылғанымен өз алдына үлкен қиыншылықтары бар.

Себебі: бұл сыныпқа кей мектептерде әртүрлі сыныптан жиналған оқушылар оқиды. Екіншіден олардың жас ерекшелігі әртүрлі болғандықтан әр сыныпқа өзінің сыныбына сәйкес білім берілу керек. Үшіншіден білім беру бағдарламасының әртүрлілігі. Төртіншіден мұндай сыныпқа сабақ беретін пән мұғалімдерінің арнайы педагогикалық білім көлемінің аздығы.

Осының нәтижесінде балаларды оқытудың бірінші сатысынан – ақ қиыншылықтарға тап болады. Мұғалімдер бұл қиыншылықтарды субъективті талдап бала дамуындағы кемістіктерін күрделендіреді.

Мұндай интеграцияның салдарынан балаларға жалпы білім беру жүйесі ретсіз дамуын жалғастырады.

Инклюзив — сөзі латын тілінен аударғанда «өзімді қосқанда» ал, ағылшын тілінен аударғанда «араластырамын» деген мағынаны білдіреді.

Инклюзивті білім берудің мақсаты: Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты балалармен бірге білім беру. Яғни адамның жынысына, дініне, шығу тегіне қарамастан тең құқылы жеке тұлға ретінде білім беру жүйесі болып табылады. Инклюзивті білім беру- мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйретудің бір формасы. Бұл арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды. Нағыз инклюзивті білім берудің 2 жүйесін жалпы және арнаулы жүйелерді бір-біріне жақындастырады. Жалпы білім беретін мектепте мүмкіндігі шектеулі оқушыларды бірлесіп (интеграциялы түрде) оқуын ұйымдастыру боп табылады.

Қазақстан Республикасының 11.07.2002 жылғы «Кемтар балаларға әлеуметтік-медициналық-педагогикалық-психологиялық түзеу арқылы қолдау туралы» № 343 заңы бойынша ПМПК сыныптары үйден оқыту, үйден әлеуметтік көмек көрсету, көмекші бағдарлама, арнайы (ПДТ) бағдарлама бойынша 5 түрлі куәлік беру ережелерін және мүмкіндігі шектеулі балаларды қорғау, қамқорлау, диагнозын анықтау, емдеу, оңалту, тәрбиелеу, оқыту, қатарға қосу мәселелері бойынша жаңадан шыққан заң, қаулы, ереже тәртіптерінде қаралған.

Инклюзивті білім беру – ерекше мұқтаждықтары бар балаларды жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Инклюзивті оқыту-даму мүмкіндігі шектеулі балалардың қалыпты дамыған балалармен бірге әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы жеңілдетілген оқыту жүйесі.

Инклюзивті оқыту біріктірілген (оқушы қалыпты балалар сыныбында – тобында оқиды және дефектолог мұғалімнің жүйелі көмегін алады), жартылай (жеке балалар күннің жарты бөлігі арнайы топтарда, ал екінші бөлігі) қарапайым топтарда өткізіледі. Уақытша арнайы топтардағы бала бірлескен серуендерді, мерекелерді, сайыстарды, жеке істерді, өткізу үшін біріктіріледі. Толық дамуында ауытқулары бар балалар балабақшаның, сыныптың, мектептің қарапайым топтарына енгізіледі, мамандардың бақылауы бойынша түзету көмегін ата-аналар көрсетеді.

Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың дүниетанымын кеңейтуді, олардың сезіне білу тәжірибесін байыта түсуді, балалардың сөйлеу және ақыл – ойының дамуын, танып білу әрекетіне дайын болуын қамтамасыз етеді.

Оларды қоғамдық пайдалы өмірге бейімдеу, азаматтық қасиеттерін қалыптастыру. Бұлардың бәрі дефектіге сәйкес деңгейде, соған тән әдістемелермен жүргізіледі. Тәрбиенің бұл түрі тек педагогтармен ғана емес, арнайы логопед, психолог, дәрігер, әлеуметтік педагог, мамандардың көмегімен жүзеге асырылады. Баланың қоғамға пайдалы азамат болып өсуіне көптен-көп септігін тигізетін пәндердің бірі – бейнелеу, қол еңбегі.

Бұл пәндердің әр сыныпқа арнайы жеңілдетіп жасақталған бағдарламасымен жүргізіледі. Мұндағы негізгі мақсатымыз даму деңгейі шектеулі балалардың ой-өрісін, түсінігін, ұғымын, сөйлеу тілін дамытады.

Ал бейнелеу өнері сабағында бала көрсетілген тақырыпқа байланысты сызбаны немесе сұлбаны сала білуге, оны сызықтан шықпай бояу, түстерін дұрыс таңдай отырып өз бетімен бояуға көмек көрсету.

Бұл олардың қандай істі болса да атқара алатындықтарына сенімдерін арттырып, еңбекке деген ынтасын дамытады. Төменгі сыныптарда мүсіндеу сабағынан саңырауқұлақтың үлгісін мүсіндеуде оның икемге келуіне, еңбекке баулу сабағында қайшыны дұрыс ұстап, түрлі-түсті қағаздан әртүрлі геометриялық пішіндерді үлкен, орташа, кішірек деген ұғымдармен танысып, оларды ретімен орналастырып жапсыруды үйренеді.

Даму деңгейі шектеулі балалардың ойлау, сөйлеу, таным, физиологиялық дамуына математика, қазақ тілі, ана тілі, дүниетану және дене шынықтыру сабақтарында күнделікті сабақ кестесімен өткізілуі маңызды орын алады.

Айта кететін болсақ математика сабағында төменгі сыныптарда (2,3,4) 100-ге дейінгі сандар арасын қосу, азайту амалдарына есептер шығарту, сандарды салыстыру, теңестіру тақырыптары бойынша тапсырмаларды түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Ал жоғарғы сыныптарда (5,6,7,8) математикадан кестелік көбейту, қосындыны санға көбейту, бөлу амалдарын орындау, көпбұрыштардың, шаршының қабырғаларын өлшеу, периметрін есептеу оны шығару.

Ана тілі сабағында ертегілер, әңгімелер, мақал-мәтелдер, ал қазақ тілі сабағында дыбыс, әріп, буын, сөз, сөйлем, дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйрету. Жоғарғы сыныптарда дара және күрделі сөздер, сөйлем мүшелері, етістіктер, зат есімнің септелуі, тағы сол сияқты. Қазақ тілі пәні бойынша бағдарламада көрсетілген тақырыптарды меңгерту.

Дүниетану сабағында да қоршаған орта туралы бағдар- ламадағы барлық тақырыптар: техникалық құрлыс ой мен еңбек, мәдени тарихи мұралармен таныстыру.

Дене шынықтыру сабағының бала денсаулығындағы ақаулықтарға тигізетін пайдасы мол. Жеңіл дене жаттығулары секіру, тізбек құру, гимнастикалық жаттығулар, бір қатарда қойылған заттар арасымен жүру, қимылды ойындар. Күнделікті сабақ арасында баланың ойлауын дамыту үшін, дидактикалық ойындар да өткізіледі. “Орны ауыстырылып берілген сөздерден сөйлем құрау”, “Жоқ сандарды тап”, “Не қалай дыбыстайды?”, “Сөз ойла, тез ойла”, “Кім тапқыр?”, “Ұйқасын тап”.

Дамуы шектеулі балалардың тәрбиесіне де баса назар аударылады. Кемтар балалардың ата-аналары көмекші не арнайы мектептерге, арнайы интернаттарға немесе балабақшаға баласын бергісі келмесе жалпы балалар оқитын мектептерге ПМПК-ның ұсыныс бойынша жеңілдетілген бағдарлама бойынша

оқытуға толық құқылы. Жалпы білім беретін мектептер, балалабақашалар ПМПК-ның қорытындысы бойынша көрсетілген баланың деңгейіне қарай жеңіл бағдарламамен білім беруге тәрбиешілермен мұғалімдер инклюзивті білім беруге дайын болғаны жөн. Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасын қамтамасыз ету, сонымен қатар оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастырудың идеологиясы жатыр.

Тәжірибе көрсеткендей қатаң білім беру жүйесінен балалардың бір бөлігі шығып қалып жатады. Мұндай қалыптасқан жүйе баланың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Инклюзивті оқыту- барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында мектеп және мектепке өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-барлық балалардың мұқтаждығын ескеретін ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті білім беру балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады.

Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайын да өзгереді. Инклюзивті білім беруді ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіндік алады.

Инклюзивтік оқыту жағдайындағы арнайы түзетім көмектерін беретін педагог-дефектологтар жалпы білім беретін мектептердің тәрбиешілері мен мұғалімдеріне нұсқаушылар болулары керек. Мүгедек және дамуларында шектеушілік бар балаларды инклюзивтік оқыту практикаға мамандандырылған мамандарды даярлау, оларды жалпы түрдегі мекемелерде оқыту үшін жағдайлар жасау және қоғамның мүгедек балаларға деген көзқарастарын өзгертумен бірте-бірте енгізілуі керек. Қазіргі кезде мектептерде кемтар балаларды қамқорлыққа алып, олардың қалыптасуына және айығуына мүмкіндік жасап, өз бетімен өмір сүруіне бағыт-бағдар беруге арнайы дайындық жүргізілуде. Кемтар балалардың білім деңгейін көтеріп, өмірге қажетті білім дағдысын тәртібін қалыптастыруға байланысты түрлі шаралар жасалуда. Бұл балаларды оқытатын мұғалімдердің алдына үш түрлі міндет қойылады:

1. Баланың мектепке дайындығын анықтау
2. Тәрбиесіндегі кемістігін жою.
3. Сабақты жүйелі жоспарлау.

Баланың мектепке дайындығын анықтау үшін оларды жазу, сызу, оқуға үйретпес бұрын олардың қабілеті бойынша жеке ерекшелігін, психологиялық дайындық байқау керек. Белгілі психологтар Д.В.Эльконин, В.В.Давыдов, Р.С.Немов зерттеулері бойынша баланы жүйелі оқыту үшін психологиялық дайындығына ерекше назар аудару керек дегенді атап айтады. Қазір мектептерде коррекциялық сабақтар жүргізіле бастады. Коррекция дегеннің өзі «түзету» деген мағына береді. Бұның басты мақсаты – бала бойындағы, тәртібіндегі кемшіліктерді түзету. Ол баланың өзіне 1) сенім; 2) көз жеткізу; 3) кеңес беру; 4) психоанализ; 5) логотерапия; 6) аутотренинг сияқты методикаларды қабылдау арқылы жүзеге асырады. Үйден оқитын балаға сабақ беретін мұғалім алдымен баланың даму ерекшелігін анықтайтын тесттер арқылы ойынның, қиялының, зейінінің тұрақтылығын анықтап алу керек. Ол үшін «Дөңгелек қию», «Лабиринт», «Танграм», «Көру әдісі», «Есту әдісі» тәрізді тесттерді қолданып, баланың шама-шарқын анықтап алады. Сабақ барысында баланың тіл мүкісін, қолының буындарының қимылын, саусақтарының моторикасын дамытуға ерекше көңіл бөліп отыру қажет.

Осы бағытта қазақтың халық педагогикасының алатын орны ерекше. Қазақ халқы санамақ, жұмбақ, жаңылтпаштар арқылы баланың сөйлеуге деген ынтасын ашып, қабілетін арттырып отырған. Баланың байланыстырып сөйлеуіне жануарлар, олардың төлдері туралы өлең, тақпақ ертегілерді көп қолданған.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-анасы көмекші не арнайы мектептер мен мектеп интернаттарға, психологиялық-педагогикалық түзу кабинеттері мен сыныптарға балаларын бергісі келмесе, жалпы балалар оқитын мектептерге ПМПК-ң ұсынысы бойынша жеңілдетілген бағдарламамен оқытуға толық құқылары бар. Ол үшін жалпы мектептер ПМПК-ң қорытындысы бойынша көрсетілген, яғни баланың деңгейіне қарай жеңілдетілген бағдарламамен кемтар балаларды тәрбиелеуге және инклюзивті оқытуға жалпы мектептерде арнайы мұғалімдер болмаған жағдайда мұғалімдерді мүмкіндігі шектелген, кемтар, мүгедек балаларды инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады.

Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады.

Жоғарыда айтылған ойларымды қорыта келе, инклюзивті білім беру жүйесін қолдаймын. Себебі, мүмкіндігі шектеулі балаларда дене кемсітігіне немесе ақыл-ойының баяу дамуына қарамастан, оларда қандай да бір өнерге деген табиғи дарындылық, бейімділік болатыны заңды құбылыс.

Сондықтан да инклюзивті оқыту арқылы бала бойындағы қабілетті дер кезінде байқауға, ақыл-ойын дамыта отырып, дарындылығын ұштауға болады. Бұндай мүмкіндікке қол жеткізе білсек, бала болашағына жол ашқанымыз деп білемін.

Инклюзивті оқыту- барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында мектеп және мектепке өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті оқыту-барлық балалардың мұқтаждығын ескеретін ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы.

Инклюзивті білім беру балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдйын да өзгереді. Инклюзивті білім беруді ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіндік алады.

Инклюзивті оқыту балаларды жалпы білім беру үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімделуге, жынысына, шығу тегіне, дініне қарамай балаларды айыратын кедергілерді жоюға ата-аналарын белсенділікке шақыруға балалардың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді саясат.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың мінез құлқындағы кемшіліктерді түзету, орнына келтіру, дамыту – педагогика жүйесіндегі балалардың оқыту мен дамытудың маңызды құралдас бөлігі болып табылады. Ол үшін оқу үрдісін жаңартып, оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын кеңінен қолдана сабақты түрлендіре өтудің маңызы зор. Сол технологиялардың бірі- педагогикалық ойындар. Педагогикалық ойындар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырудың тиімді жолы болып табылады.

Ойын оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, есту, қабылдау сезімдерінің жетілуіне , кез келген нәрсеге мән бере қарауға , абайлау, бағдарлау, тағы басқа дағдыларының ұштала түсуіне себепкер болады.

Педагогикалық ойындардың түрлері көп. Олар: іскерлік, интеллектуалдық, сюжеттік, рөлдік, драматизациялық, дидактикалық тағы басқалары.

Ойын – адамның өмір танымының алғашқы қадамы. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып білімін жетілдіреді. Ойнай жүріп балалар қоршаған орта жайлы білімдерін толықтырады, дербес шешім қабылдауға дағдыланады, ойлау барысында ұтқырлық пен тапқырлық танытады.

Ойын әсері арқылы бала өз қасиетін қалай қанағаттандыра алатынын, қандай қабілеті бар екенін байқап көреді. Түрлі ойындар баланың тапқырлығын, байқағыштығын, зейінділігін арттырумен қатар ерік сезім түрлерін де дамытады.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім мен тәрбие берудегі ғылымның нәтижеге қол жеткізудің бірі жаңа технологияны игеріп, компьютерді пайдалану. Компьютерді пайдалануда дидактикалық мүмкіндіктерді, танымдық процестерді ескеруге болады; логикалық ойлау жүйесін қалыптастыру, ақыл-ой белсенділігі мен білім алуға деген қызығушылығын, шығармашылық еңбек етуіне бағдарлау. Өйткені құлақпен естігеннен гөрі-көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну әрине ерекше әсер етеді. Инклюзивтік оқыту қазіргі кезде білім беру саласына етек жайып келе жатыр, бұл дегеніміз сапалы білім алудың барлығы үшін тең болуымен ескеріледі.

Яғни, жалпы білім беретін мектептерде мүмкіндіктері шектеулі бала мен басқа да әлеуметтік қорғалатын топтарға жататын оқушыларға өзгелермен теңдей білім беру, соған жағдай жасау. Қазіргі кезде Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балалар көбіне арнайы мектеп-интернаттарда білім алады.

Инклюзивті білім берудің негізі мектептегі барлық балаға олардың ерекшелітерінен тыс сапалы білім беру болып табылады. Арнайы білім беру орнында мүмкіншіліктері шектеулі балалардың толықтай дамуына, өзгерістерді түсінуіне, өз бетімен білімін жетілдіруіне барлық жағдай жасалған, мұнда балалар тікелей дәрігерлердің бақылауында болады.

Тәрбиеші баланың шындықты тануға ақыл-ой сезімі ең алдымен таңданудан басталады. Таңдану баланың әрбір нәрсенің, құбылыстың, оқиғаның мән-жайын танып, оларды тереңірек түсінуіне жетелейді, оның ізденімпаздық әрекетін тудырады.

Кейбір балалардың ақыл-ой белсенділік қабілеті жетілмей, артта қалып қойып жатады. Оның бірнеше сеептері бар негізіне тұқым қуалаушылық, ортаның экологиялық әсері, отбасының әлеуметтік жағдайы.

Мұндай ауруларға ұшыраған балалар дене кемістігімен қоса, ақыл-ой кемшілігін қосып алып, даму мүмкіндігі артта қалған балалар санын құрайды. Сонымен бірге бұл топқа дені сау, бірақ тұрмыс жағдайының ауыр болу себептерінен бір қалыпты дамымай қалған балаларды да жатқызуға болады.

Мұндай балалармен қарқынды терапиялық жұмыстар жүргізе отырып, оларға дәрілік емдеу, физио, психотерапия, емдік дене шынықтыру жаттығулары, жалпы денсаулыққа пайдалы емдеу шаралары қолдану керек. Ақыл ойы-кем балаларды оқытудың негізгі әдісі-біріктіру болып табылады.

Біріктіре оқыту арқылы бала дамуының ерекшеліктерін анықтап, білім беру стандартына сай қалыпты дамуын қадағалап, зейін тұрақтылықтарын дамыта отырып оқыту, тәрбиелеу-басты мақсат болып отыр.

Біз ел болып, етек жинаған еңселі елміз, сондықтан қоғамдағы жайттар басты назарда болу керек. Ең алдымен мүгедек, жарымжан балаларды сәби кезінен бастап анықтап, олардың ортаға бейімделуіне жағдай жасау қажет.

Сондықтан осындай кемшіліктерді анықтайтын шағын кабинеттер ашып, арнайы жұмыс жүргізіп, әр баланың қабілеті мен даму мүмкіндігін анықтаса, оларға арнайы түзету жұмыстарын жүргізіп, үй жағдайында өсіріп тәрбиелеуде ата-анаға ақыл-кеңестер берілсе бұл да мүмкіндігі шектеулі балалар үшін атқарылған игі істің бірі болар еді.

Өйткені ата-ана бұл жағдайды басынан бір жақты болып өткеруде, бұл кезде ата-анаға арнайы маманның көмегі, ақыл-кеңесі және балаға аялы алақанмен жан жылуы, ары қарай бұл жағдаймен күресуіне маманның түзету жұмысының көмегі қажет екені баршаға аян. Жарымжан балаларды оқыту процесінде ерте бейімдеудің маңызы зор.

Тек оқытып ғана қоймай, мемлекеттің әлеуметтік қамсыздандыру мен денсаулық сақтау қызметін тарту қажет. Жалпы баланы қоғамға бейімдеу мен оқытуда ерте диагностикалау мен түзету маңызды.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың үйде білім алуын қамтамасыз ету, жай және арнайы мектептерде оқуға мүмкіндігі жоқ балаларды қашықтықтан оқытуға жағдай жасау мемлекеттің басты мақсаттарының бірі болып табылады. Мектеп психологі білім беру ісінде әр оқушының үлгермеу себебін анықтап, мүгедек баланың нақтамасына қарай жұмыс жүргізсе бұл да түзету жұмысының бір қыры болары сөзсіз. Әр оқушымен жеке жұмыстану

Осындай орталықтар жұмысын жүйелеп отыратын, мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс істейтін медициналық-педагогикалық орталықтарды көптеп ашса, кемтар балаларды зор қуанышқа бөлер еді. Бүгінде денсаулықты нығайту және мүгедектікке әкеп соғатын патологияларды азайту мәселесінде, ең алдымен балалардың бойындағы ауытқушылықтарды, олардың сәби кезінде уақтылы анықтау бойынша жұмыс күшейтілді. Мысалы, кемтар балалардың үштен бірінің мүгедектігі – туа біткен кемістіктердің әсері болуымен байланысты. Қорыта келгенде, бастауыш сыныптың оқу үрдісінде «ойын» түрлерін пайдалану, біріншіден, оқушылардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден, балалардың сабаққа деген қызығушылығын, белсенділігін арттырып, білім сапасын көтеру болып табылады.

“Дені сау адам-табиғаттың ең қымбат жемісі” деп тегін айтылмаған ғой, осы өзгерістер арқылы – мүгедек балалардың ата-аналары балдырғандарының отбасына етене араласуына үміттері қайта оянып, өз балдары ешкімнен кем еместігін, қоғам бұған бей-жай қарамайтынын түсінеді. Бала-адамның бауыр еті, бала десе еміренбейтін жүрек, сыздамайтын балтыр бар ма? Қай ата-ана өз баласының өзгелерден оқшау оқып, білім алғанын қалар дейсің...

09.09.2021 ж. № B00011

ЕРЕКШЕ ОҚЫТУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

КАСПАКБАЕВА ЖАНАР ЖОЛДАСБЕКОВНА

*Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Т.Рысқұлов ауылының
«Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» меңгеруші м.у.а*

Инклюзивті білім беру оқытудағы түрлі қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін ыңғайлы болатын оқу мен білім беруде мұғалімдерде соңғы екі жыл ішінде белгілі бір тәжірибе жинақталды, жеке жұмыстың тиімді әдіс-тәсілдер жүйесі әзірленді. Инклюзия – денсаулық мүмкіндігі шектеулі оқушылардың өз күшіне деген сенімін арттыру арқылы оларды басқа балалармен бірге білім беру мекемелеріне баруға талпынысы.

Ерекше қажеттілігі бар балалар көпшіліктен қалай да болсын өзгешеленетін балалардың да мұндай талпыныстарын жүзеге асыруға көмектеседі. Адамның құндылығы оның қабілеттері мен жетістіктеріне байланысты емес, әрбір адам сезіне алады және ойлай алады.

Мектептегі ерекше қажеттілігі бар балалар құрдастарының қолдауы мен көмегіне мұқтаж. Мұғалім мен мектеп психологы ең бастысы баланың мүмкіндіктері мен мықты жақтарына көңіл бөлуі керек.

Айналадағы адамдар, әсіресе жастар мүгедектік жетістіктер тарихын оқиды. Адам дамуын қарапайым ретінде қабылдайды. Жастар ата-аналарымен бірге өмір сүру мүмкіндігін алады. Жас мүгедектер толыққанды өмір сүру үшін толыққанды және тиімді білім алады. Жас мүгедектердің көзқарастары мен ойлары айналадағылар үшін де маңызды бола бастайды. Мүмкіндігі шектеулі балаларға жылы сезім мен кішіпейілділік керек болса, білім беру үшін ұстазға, мектеп психологтарына көп еңбек пен төзімділік қажет.

Ұстаз ізденісі әр баланың жан-дүниесіне үңілуден басталады. Осы орайда мүмкіндігі шектеулі, ерекше қажеттілігі бар баланы яғни инклюзив оқушыны әлеуметтендіруді дұрыс ұйымдастырып, түрлі әлеуметтік кедергіге қарсы тұра алатын тұлғаны қалыптастыруда АКТ – ның барлық мүмкіндігін пайдаланамыз. Бұл ақпараттық технология мүмкіндіктерін қолдана отырып пәнге деген қызығушылығын арттырып, сөздік қорын дамыту, өз қабілетін жақсы жаққа дамытуға мүмкіндік тудырады.

Жаңа ақпараттық құралдарды қолданғанда даму мүмкіндігі шектеулі балаларға білімді жеңіл меңгеруге көмектеседі, білім алушыларды жеке жұмыс істеуге үйретеді, есте сақтау, есту, көру, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамытады, бірлескен әрекет арқылы өзін-өзі жетілдіру дағдылары қалыптасады.

Ерекше қажеттілігі бар білімалушыларға тақырыптардың бәрі табысты бола бермейді. Оқушының дамуы, олардың қызығушылықтары нәтижесінде мұғалімнің келесі оқу жылына арналған жоспарына түзету енгізуге мүмкіндік береді. Бұл жерде оқу жоспарының тақырыбын емес, сабаққа сәйкес қажетті ресурстарды іріктеуге, аудио, видео материалдар, көрнекі құралдарды іріктеуге тура келеді. Көрнекі материал балалардың үлкен қызығушылығын және тілдік белсенділігін тудырады.

Оқу үдерісінде баланың мүмкіндіктеріне сүйенеміз және өткен сабақты рефлексиялау аса маңызды. Кез-келген тапсырма оқушы үшін бірден игерілмейтін қиын тапсырма ретінде келеді, оған қолдау көрсету арқылы қолжетімді әрі орындалатынына жұмыс нәтижесін көргеннен кейін өзін-өзі бағалай алатын деңгейге жетеді. Солай сабақта тапсырмалардың жеңілден күрделіге үдемелігін арттырамыз.

Балаларға санаты бойынша жұмыс нысаны, технологиялар іріктелініп, осы оқушыларға алдымен жайлы орта құруға бағытталады. Түрлі жаттығулар жасау арқылы оқушылардың бұлшық еттері іске қосылып, көбірек энергия жұмсайды. Оларды жаттығулар шабыттандырады да өмірлік энергиямен қуаттандырып, сабаққа деген ынтасы артады. Педагог тек сабақ берумен шектелмей, сырласа білу керек. Сонда ынтымақтастық орта құрылып, адами қабілеттері ашылып, дарыны мен шығармашылық қабілеттері айқындалады.

Қазіргі таңда өскелең ұрпақты оқытудың сапасын арттырудың ұйымдастырушылық, психолого-педагогикалық және әдістемелік жолдарын жетілдіру сұрақтарымен қатар интеллектуалдық және денсаулығы жағынан дамуында түрлі ауытқушылықтары бар балаларды әлеуметтік бейімдеу, оңалту, қоғамға кіріктіру мәселелеріне де үлкен көңіл бөлінуде.

Интеллекті бұзылған балаларды әлеуметтік бейімдеу мен қоғамға кіріктірудің жетістігі бұл балалардың мектепте алатын білімдерінің, іскерліктері мен машықтарының тереңдігі мен сапасына тікелей байланысты. Қалыптасқан білімдерінің, оның ішінде математикалық машықтарының да деңгейі неғұрлым жоғары болса, балаға қазіргі заманғы қоғам жағдайларына бейімделу, өз орнын табу, өзінің қажеттілігін сезінуі соғұрлым жеңіл болмақ.

Ерекше қажеттілігі бар оқушыларға гуманитарлық пәндерге қарағанда, математикалық білімдерді меңгеру оқушылар үшін үлкен қиындықтар туғызады.

Көптеген оқушылар математикалық білімдердің маңыздылығы мен қажеттілігін, практикалық мәнін түсінбейді. Іс жүзінде балалардың көрнекілік-образдық ойлауларының дамымауы, ойлау оперативтілігінің төмендігі қарапайым математикалық ұғымдарды түсінуде үлкен қиындықтар туғызады. Дамуы қалыпты балаларға қарағанда өз қателерін көрмейді, қателерін түзеуге, өздерін тексеріп отыруға деген қажеттіліктері жоқ.

Басқа сыныптастарымен салыстырғанда алған математикалық білімдердің тұрақсыздығы, оларды тез ұмыту тән. Білімдерін өз бетінше қолдану, жаңа жағдайларда пайдалану бұндай балалар үшін өте қиын.

Пәнді оқытудағы жоғарыда аталған қиындықтарды ескере отырып, интеллекті бұзылған балалардың танымдық қызметі, психо-физикалық ерекшеліктеріне сәйкес әдіс-тәсілдерді, жұмыс түрлерін қолданып жұмыс жүргіземіз. Оқытудың білімдік міндеті балаларға берілетін білімдердің өмірде қолданыла алатындай принципін басшылыққа алады.

Сондықтанда мұғалімдер сабақ үдерісінде берілген ақпаратты, ұғымды үнемі өмірмен тығыз байланыстырып отыруы керек.

Сабақтардың үздіксіз өзара байланыстылығын басшылыққа ала отырып, одан кейінгі тақырыптарда оқушылардың алдыңғы сабақтарда алған білімдерін қолданып отыруларын қамтамасыз ету.

Оқушыларды әлеуметтік бейімдеу бойынша жұмыстар үздіксіз және жүйелі жүргізілгенде ғана әрбір педагог өз тәжірибесінде үлкен жетістіктерге қол жеткізіп қана қоймай, денсаулығында кемшіліктері бар балалардың егемен елімізде өзіндік орындарын тауып, өз үлестерін қоса алады.

МАЗМҰНЫ

- *КОСПАЕВА АЛИЯ ЖАҢДОСОВНА*
- *ЗАКАРИЯ ГУЛХАН БАТЫРЖАНОВНА*
- *ХАМИДУЛЛИНА ШАМСИЯ АНДИЖАНОВНА*
- *ЖУМАГАЛИЕВА ГУЛСИМ ЖАКСЫЛЫКОВНА*
- *ДЖАЛИМБЕТОВА АЙГЕРІМ АЗБЕРГЕНОВА*
- *КАСПАКБАЕВА ЖАНАР ЖОЛДАСБЕКОВНА*